

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 312 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 қазан № 5979 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 161 қаулысының(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5773 болып тіркелген,2017 жылдың08 сәуірінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Ф. Әміреев

Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "22
" қыркүйектегі № 312 қаулысына қосымша

Жаңақорған ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйы	
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн,
1	2	3	4
2	Жаңақорған ауданы	3585	690

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК